

Энергетика саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 қарашадағы № 665 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12567 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139 бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Энергетика саласындағы азаматтық қызметшілердің тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Бюджет және қаржылық рәсімдер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3), және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

"КЕЛІСІЛДІ"

Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму Министрі

_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 28 қараша

Қазақстан Республикасы
2015 жылдың 25 қарашадағы
№ 665
Энергетика министрінің
бұйрығымен бекітілген

Энергетика саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімі

Ескерту. Тізілім жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 14.01.2020 № 11 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Буын | Саты | Лауазымдар атауы |
|------------------------------|------|--|
| А блогі (Басқарушы персонал) | | |
| A1 | 1 | ММ басшысы |
| A1 | 1-1 | ММ басшысының орынбасары |
| A2 | 1 | ММ құрылымдылық бөлімшелерінің басшылары |
| A2 | 1-1 | ММ құрылымдылық бөлімшелері басшыларының орынбасарлары |
| В блогі (негізгі персонал) | | |
| B2 | 4 | Санаты жоқ біліктілік деңгейі жоғары негізгі персоналдың мамандары: бухгалтер |
| B3 | 4 | Санаты жоқ біліктілік деңгейі орташа негізгі персоналдың мамандары: бухгалтер |
| Блог С (әкімшілік персонал) | | |
| C2 | | Әкімшілік функцияларды атқаратын біліктілік деңгейі жоғары мамандар: бухгалтер, кадр жөніндегі инспектор, заңгер |
| C3 | | Әкімшілік функцияларды атқаратын біліктілік деңгейі орташа мамандар: бухгалтер, кадр жөніндегі инспектор, заңгер |

Ескерту: аббревиатураларды толық жазу:

ММ – мемлекеттік мекеме.

Энергетика саласындағы
азаматтық қызметшілер
лауазымдарының тізіліміне
қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ведомстволық
бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің бөлінуі

I. Республикалық маңызы бар мекемелерге:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Капиталмұнайгаз" мемлекеттік мекемесі жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ